

## Республикалық мүлікті "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 789 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес республикалық мүлік «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік жекешелендіру комитетімен және «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен (келісім бойынша) бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Б. Сағынтаев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 6

ж ы л ғ ы

9

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№

7 8 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілетін республикалық мүлік

Р/с №	Мүліктің атауы
1	2
1.	679383,892 тонна көлеміндегі 1-3 сыныпты Triticum aestivum L бидайының астығы
2.	1265549982,42 теңге сомасына талап ету құқығы